

Жүз оныншы тарау — Түн ортасындағы дауыс

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Түн ортасындағы дауыс» деген тақырыпты қарастырамыз. Өмірде бізге белгісіз нәрселер көп. Сіз де мұнымен келісесіз деп ойлаймын. Біз болашақта не болатынын білгіміз келеді, бірақ оны біле алмаймыз. Болашаққа жоспар құрамыз. Алайда алдымыздан біз күтпеген жағдайлар шығып, жоспарларымыз жиі орындалмай қалады. Соған қарамастан, болашаққа мүмкіндігінше жақсы дайындалуға тырысуымыз керек.

Менің ойымша, болашаққа дайындалудың ең дұрыс жолы — Исаға сенім арту. Ол болашақта не болатынын біледі. Иса бізге Өзіне сенуді және қайта келетін кезіне дайын болуды үйретті. Оның келуі түн ортасында күтпеген жерден естілген дауыс іспетті болады. Матай жазған Ізгі хабардың 25:1–13-аяттарында Иса айтқан үйлену тойы туралы астарлы әңгіме бар. Бұл ой сол әңгімеде анық бейнеленген.

«Сол кезде Құдай Патшалығындағы жағдай мынаған ұқсас болады: он бойжеткен қолдарына шамдарын ұстап, күйеу жігітті қарсы алуға шығыпты. Олардың бесеуі ақылды, бесеуі ақылсыз екен. Ақылсыз қыздар шамдарын алғанмен, құятын артық май алмай шығады. Ал ақылдылары шамға қоса майға толы құмыраларын да ала жүреді. Күйеу жігіт ұзақ кешіккендіктен, барлығы қалғып, ұйықтап қалады. Бірақ түн ортасында: «Күйеу жігіт келіп қалды! Қарсы алуға шығыңдар!» — деген дауыс естіледі. Сонда қыздардың бәрі де орындарынан тұрып, шамдарын жөндейді. Ақылсыздары ақылдыларына: — Майларыңнан беріңдерші, шамдарымыз сөнейін деп жатыр, — дейді. Ал олар: — Бізге де, сендерге де жетпей қалғанша, өздерің сатушыларға барып, май сатып алғандарың жөн, — деп жауап береді. Әлгілер майға кеткенде күйеу жігіт келіп, дайын тұрғандар онымен бірге тойға кіріп кетеді де, есіктер жабылып қалады. Кейін майға кеткен қыздар да келіп: — Тақсыр мырза! Есікті аша көріңіз! — деп өтінеді. Ал күйеу жігіт оларға: — Шын айтамын, сендерді танымаймын! — деп жауап береді. Сондықтан сергек болыңдар! Себебі сендер Мен Билеуші ретінде көктен келетін күнді де, сәтті де білмейсіңдер».

Бұл — үйлену тойынан алынған көрініс. Осыдан түн ортасындағы дауысты естіген бойжеткендерге қатысты бірнеше маңызды сабақ аламыз.

Бірінші сабақ: БОЙЖЕТКЕНДЕРДІҢ БӘРІ КҮЙЕУ ЖІГІТТІ ҚАРСЫ АЛУҒА ШЫҚТЫ. Исаның сөздерінен оқиғаның кешкі уақытта болғанын түсінеміз. Бойжеткендер күйеу жігітті қарсы алу үшін жолға шықты. Олар өздерімен бірге шамдарын алды. Жарық әрдайым қажет. Сондықтан олар күйеу жігітті қарсы алуға шамдарын ұстап шықты.

Жаратқан Ие олардың бесеуі ақылды, ал бесеуі ақылсыз болғанын айтты. Ақылсыз қыздар шамдарын алғанымен, өздерімен бірге артық май алмады. Мен осы бойжеткендер ұстаған болуы мүмкін кішкентай майшамдарды көрдім. Ондай шамдарға көп май құю мүмкін емес. Сондықтан күйеу жігіт кешіксе, шамның майы тез таусылып қалатын. Сол кезде олар шамдарына қайтадан май құюы керек еді. Бірақ бес ақылсыз бойжеткен өзімен бірге артық май алмады.

Ал ақылды бойжеткендер шамдарымен бірге ыдысқа немесе құмыраға құйылған артық майды да ала шықты. Олар алдын ала дайындалды. Бұл жерде күйеу жігіттің қашан келетіні белгісіз болғаны анық көрінеді. Ақылды бойжеткендер ол кешіксе, шамдарындағы майдан бөлек, қосымша май қажет болатынын түсінді. Ал ақылсыз бойжеткендер мұны ескермеді.

Олардың бәріне назар аударыңыз. Ол жерде әрқайсысы өз шамын ұстаған он бойжеткен болды. Сырттай қарағанда, олардың бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ еді. Барлығы күйеу жігітті қарсы алуға шықты.

Екінші сабақ: БОЙЖЕТКЕНДЕРДІҢ БӘРІНІҢ ШАМЫ СӨНЕ БАСТАДЫ. Олар ұзақ күтті, өйткені күйеу жігіт кешігіп жатты. Иса бұл әңгімені айтқанда, оның неліктен кешіккенін түсіндірген жоқ. Күйеу жігіт тек ұзақ уақыт келмей, кешікті. Сондықтан бойжеткендердің бәрі шаршап, ұйықтап қалды. Киелі кітапта олардың қалғып, ұйықтап қалғаны айтылған.

Күтпеген жерден, түн ортасында: «Күйеу жігіт келіп қалды! Қарсы алуға шығыңдар!» — деген дауыс естілді. Сол кезде олардың шамдары жарық жанып тұруға тиіс еді. Бойжеткендердің бәрі орындарынан тұрып, шамдарын жөңдей бастады. Ақылсыз бойжеткендердің шамдарына құятын артық майы болмады. Сондықтан олар ақылды бойжеткендерден май сұрады. Иса олардың: «Майларыңнан беріңдерші, шамдарымыз сөнейін деп жатыр», — дегенін айтты. Олар ақылды бойжеткендерден майларын бөлісуді өтінді. Бірақ ақылды бойжеткендер өз майларын бөліссе, оның ешкімге жетпей қалатынын білді. Сондықтан олар майларын бере алмай, ақылсыз

бойжеткендерге сатушыларға барып, өздеріне май сатып алуға кеңес берді. Осылайша, байғұс ақылсыз бойжеткендер май ең қажет болған кезде майсыз қалды. Біз олардың ісінен сабақ алуымыз керек.

Үшінші сабақ: АҚЫЛСЫЗ БОЙЖЕТКЕНДЕР ЕСІКТІҢ СЫРТЫНДА ҚАЛДЫ. Олар ақылды бойжеткендердің кеңесіне құлақ асып, май сатып алуға асыға жөнелді. Шамдарына май қажет еді. Өйткені олар күйеу жігітті жарықсыз қарсы ала алмайтын. Сондықтан шамдарын толтырып, өздері де күйеу жігітті қарсы алу үшін май іздеуге кетті.

Бірақ олар май сатып алуға кеткен кезде, күйеу жігіт келіп қалды. Олар бастапқыда өздерімен бірге ала шығуға тиіс майды сатып алуға кеткен еді. Күйеу жігіт келгенде, ақылсыз бойжеткендер сол жерде болмай, май іздеп жүрді. Олар май тауып, асығыс қайтып келген болуы керек. Бірақ келген кезде есіктің жабылып қалғанын көрді. Сонда олар күйеу жігітке: «Тақсыр мырза! Есікті аша көріңіз!» — деп өтінді. Ал күйеу жігіттің оларға берген жауабына назар аударыңыз: «Шын айтамын, сендерді танымаймын!» Бұл өте ауыр сөз еді. Олар үйлену тойына қатысқысы келді, бірақ ішке кіргізілмеді. Күйеу жігіт оларға есікті ашпады. Өйткені ол келген кезде, бойжеткендер басқа жерде жүрді. Олар бұрын істеуге тиіс нәрсені тым кеш орындауға тырысты. Ақылды бойжеткендер сияқты, майды өздерімен бірге алдын ала ала шығулары керек еді.

Осы әңгіменің соңында Иса: «Сондықтан сергек болыңдар! Себебі сендер Мен Билеуші ретінде көктен келетін күнді де, сәтті де білмейсіңдер», — деді. Егер ақылсыз бойжеткендер күйеу жігіттің қанша уақытқа кешігетінін білгенде, ақылмен әрекет етер еді. Бірақ олар оның қашан келетінін білмеді. Соның салдарынан дайын болмай шықты. Біз Исаның осы астарлы әңгіме арқылы берген сабақтарын жақсы меңгеруіміз керек. Бойжеткендердің бәрі күйеу жігітті қарсы алуға шықты. Олардың бәрі үйлену тойын күтті. Бәрі дайын болуға тиіс еді. Бірақ олардың жартысы ғана дайын болды. Ақылсыз бойжеткендер дайын болмағандықтан, тойға кіре алмады.

Түн ортасындағы дауыс адам күтпеген сәтте естілуі мүмкін. Қымбатты досым, қандай жағдай болса да, дайын болуға шақырамын.